

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 мамырда № 27932 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 23.09.2022 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Бірғыз аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 2-17/63 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Бірғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округінің Құмтоғай ауылының О.Тәтеұлы көшесінің № 2, № 4/1, № 6, № 7 үйлерінде, О.Жұмабаев көшесінің № 1, № 5, № 9/1, № 10 үйлерінде, А.Рысбаев көшесінің № 8/1, № 8/2, №10, № 11/1, № 12 үйлерінде, Қ.Шегебаев көшесінің № 2/1, № 2/2, № 3 үйлерінде мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Құмтоғай ауылдық округінің әкімі

Н. Жұбаназаров

